

Болашақ полицейлерді патриоттық сезімге тәрбиелеу

Жақында Қостанай облыстық Л. Толстой атындағы кітапханасында «Үлкен еңбектің, үлкен адамдары» атты кездесу өтті. Кездесу еліміздің өркендеуіне үлес қосқан және қосып жүрген еңбек ардагерлеріне арналды.



2018 жылғы 10 қазанда социалистік еңбек ардагерлері жайлы тағылымдамашыларымыздың көп мағлұмат алулары, патриоттық тәрбие алулары мақсатында, азаматтық сезімдерін ұялату, тарихи білімдерін толықтыру үшін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Оқу орталығының (Қостанай қаласы) арнайы алғашқы дайындық курсының тағылымдамашыларымен облыстық кітапханаға «Үлкен еңбектің үлкен адамдары» атты Кәмшат Байғазықызы Дөненбаеваға арналған көрмеге қатыстық.

Тағылымдамашылардың назарына Кәмшат Дөненбаева жайлы мағлұмат ұсынылды. Атақты ең алғашқы әйел тракторшы, Қазақ КСР жастары, әсіресе қыздар үшін аса беделді азамат, Еңбек Ері, КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты Кәмшат Байғазықызы 1943 жылғы 15 қыркүйекте Қостанай облысы Ленин (қазіргі Ұзынкөл) ауданының жерінде дүниеге келген. 1957 жылы «Демьяновск» элеваторында ең алғашқы еңбек қадамын бастаған, 1961 жылы Қостанай облысы Боровской ауданының «Харьковский» кеңшарында тракторшылық жұмысын бастаған. Оған «Беларусь» тракторын сеніп тапсырып, сол бір жылдың ішінде 720 гектар жердің орнына 1018 гектар жер жыртып еңбек етті. Жыл сайынғы ауысым еңбегі 150-200% болатын. 1973 жылы 3000 гектар жұмсақ жер жыртылып, жеке рекорд көрсетті.

Еңбек жолында үлкен жетістіктері үшін және тоғызыншы бесжылдықтың үлесін асырып еңбек еткені үшін оған 1975 жылғы 10 ақпанда Еңбек Ері атағы берілді. Жұбайы Темірбек Дөненбаевпен бірге Кәмшат ханым төрт бала тәрбиелеп өсірді.

Осы іс-шарада құрбысы Сара Уәлиқызы Омарова және келіні Ақмарал Жақсыбайқызы Дөненбаева Кәмшат ханымның жастық шағы, еңбек жетістіктері жайлы қызықты мәліметтер айтып өтті. Ол кісінің еңбекқорлығы, еңбексүйгіштігі, қамқорлық қасиеттері болашақ құқық қорғау қызметкерлеріне үлкен тәрбие және үлгі болды. Кәмшат Дөненбаева - елім, жерім деп еңбегін аямай, туған еліне еңбегін, үлесін қосқан қаһарман кісі.

Ш. ЖИЕНШЕНОВА,
ҚР ІІМ Оқу орталығы
Криминалистика және арнайы техника
цикльының оқытушысы
полиция аға лейтенанты

«Өнерлі команда» номинациясын иеленді

Жер жәннаты – Жетісу төріндегі Талдықорған қаласында, 4-5 қазан аралығында, ішкі істер органдары қызметкерлерінің арасындағы жыл сайынғы «Парасатты полицей» республикалық байқауы өтті.

Басты мақсаттарының бірі – төртіп сақшыларының мемлекеттік тілге деген құрметін және құқықтық мәдениетін, ізгілік пен парасаттылық рухын арттыру болып табылатын осы байқауға Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының «Қабылбаев ұрпақтары» командасы да қатысып келді. Команда капитаны, полиция майоры Теміржан Баймағанов бастаған құрама сапында: полиция подполковнигі Гүлмира Кажикова, полиция майорлары – Болат Альпейсов, Тимур Тулубаев, Максим Олексюк, полиция капитаны Бағдат Жандауовтар өнер көрсетті.

Астана қаласының 20 жылдығына тұспа-тұс келген биылғы республикалық сайыста республикалық маңызға ие қалалардың, облыстық ішкі істер департаменттерінің, ведомстволық жоғары оқу орындарының 21 құрама командасы өз бақтарын сынады.

Конкурстың «Таныстыру» деп аталатын 1-кезеңінде командалар ішкі істер органдарында қызмет етудің мәртебесін, жұмыстарының ерекшеліктерін және қызметте қазақ тілін қолданудағы жетістіктерін ерекшелік отырып өздерін таныстырса; «Сәлем, Астана!» атты 2-кезеңде Астана қаласының 20 жылдық мерейтойын ескере отырып, Астана қаласының басты ерекшеліктерін, оның басқа қалалар арасындағы орнын, жетістіктерін сахналық көрініс арқылы көрсетті. Ал «Көркемсөз сайысы» деп аталатын 3-кезеңде команданың бір



мүшесі қазақ ақындарының Қазақстан, Астана, қазақ тілі тақырыптарында жазған бір өлеңін мәнерлеп оқыды.

Биылғы байқауға барлық командалардың тас-түйін даярлықпен келгені ә дегеннен-ақ көзге түсті, бойларындағы өнерлерін көрсетуде ешқайсысы да аянып қалған жоқ. Жарыс барда, жеңіс пен жеңілістің қатар жүретіні етенеден белгілі. Мұндайда жүзден жүйрік, мыңнан тұлпары ғана суырылып алға шығады емес пе? Сайысқа сақ қарап, қара қылды қақ жаруға бел буған қазақтың дүлдүл айтыскер ақыны Балғымбек Имашев бастаған әділ қазылар алқасының шешімімен:

Бас жүлдеге Солтүстік Қазақстан облысы ІІД-нің «15-ші өңір» командасы лайық деп танылса, 1-орынды Шымкент қаласының «Мегаполис» командасы иеленді. 2-орынды Қостанай облысы ІІД-нің «Қостанай қырандары» командасы мен Маңғыстау облысы ІІД-нің «Каспий» командасы өзара бөлісті. Ал 3-орынды Ақмола облысы ІІД-нің «Көкше сақшылары» командасы мен Көліктегі ІІД-нің «Көлік сақшылары» командалары иеленді.

Сонымен қатар байқауда бірқатар аталымдар сарапқа салынып, «Өнерлі команда» номинациясына лайық деп танылған Қостанай академиясының «Қабылбаев ұрпақтары» командасы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Дипломымен марапатталды.

9-шы рет ұйымдастырылған осы «Парасатты полицей» байқауының салтанатты жабылуында Ішкі істер министрінің орынбасары полиция генерал-майоры Берік Бейсенқұлов байқауға қатысушыларға алғыс білдірді, барша жеңімпаздарды құттықтап, арнайы дипломдар мен бағалы сыйлықтар тапсырды.

«Өнерлі команда» номинациясымен оралған «Қабылбаев ұрпақтары» командасын Академия бастығы, полиция генерал-майоры Мирлан Қызылов қабылдап, сайдың тасындай іріктелген 21 команданың ішінде «ең шығармашыл команда» атанудың оңай еместігіне, осымен тоқтап қалуға болмайтынына, одан әрі іздене түсу қажеттігіне тоқталды. Маңызы зор әрбір игі шараға Академия басшылығы тарапынан барынша қолдау көрсетілетінін және аты аңызға айналған Шырақбек Қабылбаевтың есімін иеленген команданың әлсіз өнер көрсетуге құқығы жоқтығын ескертті. Өз кезегінде, команда мүшелері де жарыс барысында орын алған қызықты оқиғаларымен бөлісіп, жер жәннаты – Жетісудан үлкен әсермен оралғандарын жеткізді.

Құрбанәлі ЕЛМҰРАТОВ,
ҚР ІІМ Шырақбек Қабылбаев
атындағы
Қостанай академиясының
мемлекеттік тіл бөлімшесінің
бастығы

Академияда ғылыми семинар өткізілді

Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының қабырғасында академия бастығының орынбасары, заң ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент), полиция полковнигі Сергей Николаевич Бачуриннің басшылығымен 2018 жылғы 10 қазанда ғылыми семинар өткізілді.

Аталмыш семинардың арнайы қонақтары ретінде Қазтұтынуодағы ҒЗИ Қарағанды экономикалық университеті ғылыми-зерттеу институтының директоры, заң ғылымдарының

докторы, профессор Талғат Ахматзияұлы Ханов және Қазақстан Республикасы ІІМ Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының 3-курс докторанты Адель Талғатқызы Садуақасова шақырылды.

Семинарда қылмыстық іс-жүргізу заңнамасына қатысты мәселелер талқыланып, ғылыми мақалалар мен магистрлік диссертация



жазу бойынша ұсыныстар берілді.

Өткізілген семинардың қорытындысы бойынша, магистранттар барлық қызығушылық танытқан сұрақтарына жауап алып, өздеріне қажетті жаңашыл ойларды ала білді.

Өткізілген ғылыми семинар үшін заң ғылымдарының докторы, профессор Ханов

Талғат Ахматзияұлы және Қазақстан Республикасы ІІМ Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының 3-курс докторанты Садуақасова Асель Талғатқызына алтын уақыттарын бөліп, өздерінің жаңашыл идеяларымен бөліскені үшін зор алғысымызды білдіреміз.

М. ҒАЛИЕВА,
ҚР ІІМ Шырақбек Қабылбаев
атындағы
Қостанай академиясы
магистратурасының оқытушы
әдіскері
полиция майоры

Құрметті еңбек демалысына шығарып салдық

Жақында Қостанай станциясындағы ІІЖБ қызметкерлері Қостанай ст. ІІЖБ бастығының орынбасары полиция подполковнигі Сүлейменов Ерлан Қайрұлын құрметті еңбек демалысына шығарып салдық.

Салтанатты шараға Қостанай ст. ІІЖБ басшылығы, Қостанай ст. ІІЖБ Ардагерлер кеңесінің төрағасы Добровольский Александр Иосифович және

Қостанай ст. ІІЖБ жеке құрамы қатысты.

Ерлан Қайрұлының ішкі істер органдарында 23 жылдан аса қызмет өтілі бар. Өзінің қызмет жолын 1995 жылы взвод милиционері лауазымынан бастаған ол, ІІБ ПҚЖБ-ның милиционер кавалерисі, ІІО УҰИ-ның полицейі, жолаушылар поездарына ілесіп жүру батальонының полицейі, Қостанай ст. ІІЖБ ЖПІЖВ-ның аға инспекторы, Қостанай

қаласы әуежайындағы желілік полиция пунктін бастығы, 2012 жылдан бастап ҚР ІІМ Көліктегі ІІД Қостанай станциясындағы ІІЖБ бастығының орынбасары болып қызмет атқарды. Ішкі істер органдарындағы қызмет атқарған жылдары үшін көптеген марапаттаулары бар.

Қостанай ст. ІІЖБ бастығы полиция полковнигі Исин Адильжан Бақытжанұлы Ерлан Қайрұлын құрметті демалысына шығуымен құттықтап, оның ішкі

істер органдарына қомақты үлес қосқандығын айта келіп, оған құқық тәртібін нығайтуға және темір жол көлігінде қылмыспен күрес жүргізу жолындағы сіңірген еңбегі үшін үлкен алғысын білдірді.

Қостанай ст. ІІЖБ Ардагерлер кеңесінің төрағасы Добровольский Александр Иосифович Ерлан Қайрұлына мықты денсаулық, отбасына бақыт және жаңа еңбек жетістіктеріне жетуін тіледі.

Сондай-ақ, Қостанай станциясындағы ІІЖБ ұжымы атынан көптеген құттықтау-тілектер айтылып, естелік сыйлық табыс етілді.

Ерлан Қайрұлы жас сержанттарға өз мамандығын жақсы көріп, өз мысалында арманына жетуін тіледі.

Қостанай ст. ІІЖБ
Мемлекеттік тіл және
ақпарат тобы

Дәстүрлі емес діндердің қазақ қоғамына тигізетін әсері

Ислам - қазақ халқының ежелден ата-бабамыз ұстанып келген негізгі дін. Бүгінгі күнге дейін қазақтың бөлінбес еншісідей және қазақ баласына ұрпақтан ұрпаққа жалғасын тауып келеді. Тіпті кешегі қазақ халқына қаспен қараған кеңес дәуірінде де қазақ халқы толықтай ислам дінінен хабардар болмаса да, мұсылманбыз деп жүрген.

Ислам дінінің қазақ халқының тарихында ерекше орын алатындығы 2011 жылы 11 қазанда қабылданған «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңының кіріспесінде: «Осы Заң Қазақстан Республикасының өзін демократиялық, зайырлы мемлекет ретінде орнықтыратынын, әркімнің ар-ождан бостандығы құқығын растайтынын, әркімнің діни нанымына қарамастан тең құқылы болуына кепілдік беретінін, ханафи бағытындағы исламның және православиелік христиандықтың халықтың мәдениетінің дамуы мен рухани өміріндегі тарихи рөлін танитынын, Қазақстан халқының рухани мұрасымен үйлесетін басқа да діндерді құрметтейтінін, конфессияаралық келісімнің, діни тағаттылықтың және азаматтардың діни нанымдарын құрметтеудің маңыздылығын танитынын негізге алады» деп бекітілген.

Қазақстан тәуелсіз ел болып жарияланғаннан бастап, діни бостандығы дәстүрлі діндермен қатарласа дәстүрлі емес діндер де қанатын жаза бастады.

Қазіргі таңда ел ішінде іріткі салып, халықтың патриоттық сезімін құрытып, мәңгі етуге тырысып жатқан дәстүрлі емес діни ұйымдардың арасында неохристиандық ұйымдар және жалған бағыттағы ислам бағытындағы діни ағымдар таралып жатыр.

Жаңа діни ағымдардың елімізге енуі негізінде тәуелсіздік алған жылдары басталады. Осы кезеңде қоғамдағы идеологиялық тұрақсыздықты, сондай-ақ, берілген заңды құқықтық артықшылықтарды ұтымды пайдалануға тырысқан жат жерлік дәстүрлі емес діни ұйымдар, бұрын-соңды кездеспеген діни ағымдар мен секталар.

Соңғы жылдарда Батыс елдерінің жүргізіп жатқан сыртқы саясатының бірі өзге мемлекеттерге әртүрлі діни ағымдарды еңгізе отыра іштен бұзу,

соғыссыз құлдыратуды көздеп отыр деп те айтуға болады.

Осыған байланысты басқа елдерден келген діни конфессиялардың Қазақстанға үгіт-насихат жүргізуінің мақсатын білу, олардың іс-әрекеттері мемлекеттің заңдарына қанша қайшы болатындығы өзекті мәселелердің біріне айналып жатыр.

Міне, осындай мәселелер елдің қамын, тұтастығын, болашағын ойлайтын кез-келген азаматты толғандыратын мәселе. Кез келген діни ұйымдар мен бірлестіктердің, конфессиялардың белгілі бір мүддесі болады. Шартты түрде жаңа діни ағымдардың мақсаттарын, іс-әрекеттерін екі түрге бөлуге болады: 1. Санаға шабуыл жасауды мақсат ететін діни ағымдар; 2. Белгілі бір мүдде үшін әрекет ететін діни ұйымдар.

Осы мақсаттарға жету жолында жаңа діни ағымдар тұлғаның, отбасының, қоғамның сана сезімдеріне әсер келтіре отыра мемлекеттің ішкі жағынан құлдырауына әкеліп соқтыруы мүмкін.

Кейбір жаңа діни ағымдар мемлекеттің тұтастығы мен тұрақтылығына нұсқан келтіреді. Мысалы, XXI ғасырдың басында өз күшін көбейткен сәләфи мұсылмандарды тұтастай мұсылмандар емес, олар кәпірлер деп қарады. Әсіресе мемлекетті кәпірлердің қолында деп мемлекеттік қызметкерлерді автоматты түрде кәпірлер қатарына қосты.

Сәләфилер әлемдік ислам халифатын құру идеясын үгіттеп, қарсыластарды дұшпан, кәпір деп атап, өзін жанкешті құрбан етуді жихад санауы да исламның принциптеріне қайшы әрекет. Себебі, ислам догматикасында дінде зорлық жоқ деп қарастырады. Ал, өзін-өзі үлкен күнә (айып іс) деп есептелінеді. Осы үндеулер халықтардың берекесін кетіріп, қоғамға діни араздықты тудырып, ұлттардың ар-намысын қорлайтын белгілерді көруге болады. Біз тілімізді, дінімізді, салт-дәстүрімізді мәңгі ұмытпауға, оны әрдайым есте сақтауға міндеттіміз. Басқа діни секталардың арбауына түсу өз дінін, өз отанын сату деген сөз деуге де болады. Себебі, дін біздің рухани болмысымыз, бүгінгіміз бен ертеңіміз және болашағымыз.

Діни ағымдарға түсіп қалмау үшін не

істеу керек деген сұрақ туындайды. Бұл бір ғана адамның немесе мемлекеттің жасайтын ісі емес. Діни ағымдардың арбауы мен шырмауына түсіп қалмас үшін оның алдын алу қажет. Қазақстан мұсылмандар діни басқармасы, бұқаралық ақпарат құралдары, құқық қорғау органдары, жергілікті әкімдіктер, жоғары оқу орындары, мектеп және ата-аналар жаңа діни ағымдардың арбауына түспес үшін мынадай шаралар жүргізу қажет:

Біріншіден, Қазақстан мұсылмандар діни басқармасы жаңа діни ағымдарға қарсы мешіттерде халықтың діни сауаттылығын ашып, діни ағымдардың қоғам мен жеке тұлғаға әкелетін зардабы туралы, жастардың діни сауатын ашу үшін үш-төрт айлық курстар жұмысын күшейту;

Екіншіден, бұқаралық ақпарат құралдары беделді дінтанушы ғалымдарының діни мәселелер жайлы бағдарламаларын ұйымдастыруы;

Үшіншіден, әрбір жоғары оқу орындарында, жоғары сыныптар арасында, колледждерде діни ағымдардың әкелетін зияны мен лаңкестік іс-әрекеттеріне қарсы жұмыстарды күшейту қажет.

Қазіргі таңда басқа діни ағымдарға өтіп кеткен жастар көп. Сол ағымдарға өтіп кеткен жастарды ауыл болса ауыл ақсақалдарын, қала болса дінтанушы ғалымдарды, мешіт имамдарын шақырып, олармен сұхбаттасып, нақтылы дәйектермен дәлелдеп, алған бетінен қайтуды өз санасымен мойындап қабылдауы керек.

Дін – еліміздің негізін құраушы ең маңызды факторлардың бірі болғандықтан, қоғамдағы ішкі тұрақтылықтың да кепілі және бейбітшілік пен тыныштық – дәстүрлі діндердің басты ұстанымы болып келеді.

Ұлттық қауіпсіздігімізге қатер төндіретін жат ағымдардан халқымызды аулақ ұстап, жастарды патриотизмге тәрбиелеу жұмысын күшейтуіміз қажет.

Болат АЛПЕИСОВ,
ҚР ІІМ Академиясы
әлеуметтік-гуманитарлық
пәндер
кафедрасының аға оқытушысы
тарих магистрі, полиция
майоры

Болашақ тәртіп сақшысы күдіктіні ұстады

Қостанай облысының Қостанай қаласында 1997 жылы 25 наурыз күні туған, бүгінгі күні Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының 4-курс курсанты полиция сержанты Оңайбек Өмірбекұлы Оразақов ағымдағы жылдың 7 қазаны күні қылмыс жасаған күдікті ұстады.

Ол кешкілік бос уақыты кезінде Арыстанбеков көшесі бойында жолдың арғы жақ бетінен таныс емес әйел адамның көмек сұрап айғайлаған дауысын естиді. Әйел адам қолын нұсқап сөмкесін ұрлап қашып бара жатқан ер адамды көрсетеді. Сол уақытта Оңайбек мүддірместен сөмкені ұрлап бара жатқан күдіктінің артынан тағы да бір жас жігіттің қуып бара жатқанын көріп, дереу көмек беруге жүгіре жөнеледі. Күдікті артынан қуып келе жатқан екі адамды көріп, жылдам қолындағы сөмкені жерге лақтырып

жібереді. Оның мұндай әрекетіне қарамастан, олар күдіктіні ұстайды. Осы уақытта Оңайбек күдіктінің артынан қуып келген адамның Қостанай облысы ІІД жедел әрекет ету арнайы жасағының инспекторы полиция аға лейтенанты Жандос Раимбеков екенін біледі. Осыдан кейін, жедел бақылау орталығының «102» нөміріне хабарласып, құқықбұзушыны Қостанай қаласы ІІБ Оңтүстік бөлімі полициясының тергеу – жедел тобының қызметкерлеріне тапсырады. Күдікті істеген ісін мойындап, ұрланған нәрсе алынды.

Курсант бола тұра, ержүректілігімен көзге түскен Оңайбек бүгін міне, болашақ тәртіп сақшысының қырағылығын, мұқияттылығын, беріктігін, сондай-ақ құқық бұзушылықтың жолын кесуге деген ынтысаның асқақтығын, адамдарға қолұшын беруге даяр тұруға қажеттілігін



дәлелдеді.

Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының бастығы полиция генерал-майоры Мирлан Қызылов 4-курс курсанты полиция сержанты Оңайбек Оразақовтың істеген

ісін жоғары бағалап, марапаттауға ұсынды. Сондай-ақ, Қостанай облыстық Ішкі істер департаменті баспасөз қызметінің бас маманы Балслу Алененова күдіктінің бұрын сотталған азамат екенін, қазіргі кезде тергеп-тексеру істері жүргізіліп жатқанын хабарлады.

Оқу ордасында білім алып жүрген болашақ тәртіп сақшыларының берген анттарына беріктігі мен ержүректілігі туған еліміздің тыныштығы мен тәуелсіздігінің сақталуына қосар елеулі үлестерінің бірі деп білеміз.

Орынбасар
УАҚПАЕВА,
ҚР ІІМ Шырақбек
Қабылбаев атындағы
Қостанай
академиясының
баспасөз хатшысы
Суретті түсірген
С.Камалов

«Мүлдем төзбеушілік» акциясы өткізілді

Мемлекет басшысының қоғамда құқық бұзушылықтарға, бұзақылық пен мәдениетсіздікке «мүлдем төзбеушілік» қағидатын қалыптастыру жөніндегі тапсырмасын іске асыру шеңберінде үкіметтік емес ұйымдарымен бірге кең ауқымды жұмыс жүргізіліп келеді.

Мәселен, өткен қыркүйек айының 25-27 аралығында «Мүлдем төзбеушілік» акциясы өтті. Оның барысында Қостанай станциясындағы ІІЖБ-де БАҚ-тың қатысуымен азаматтардың құқықтық санасын және құқықтық мәдениетін жоғарылатуға бағытталған іс-шаралар қолға алынды. Теміржол вокзалдарында дауыс зорайтқыш арқылы, жолаушылар поездарында радиорубка арқылы профилактикалық сипатындағы жазбалар таратылды.

Сәрсенбі профилактика күні болып белгіленді. Қостанай ст. ІІЖБ қызметкерлері әр сәрсенбі күні темір жол және авиа ұйымдары, Қостанай көлік прокуратурасы және «Нұр Отан» партиясы өкілдерімен бірге рейдтік іс-шаралар өткізеді, халықпен жиындар, теміржол және авиа ұйымдарымен кездесулер ұйымдастырылып, оқу орындарында дәрістер өткізіледі.

Өткен кезеңде мектептер мен басқа да оқу орындарында - 12, теміржол ұйымдарында - 13 әңгіме өткізілді, халықпен азаматтардың құқықтық санасын және құқықтық мәдениетін жоғарылатуға бағытталған 3 жиын өткізілді.

Жыл басынан жолаушылар поездарында 10 «темір жол бойындағы кездесулер» ұйымдастырылды, «Нұр Отан» партиясының, Қостанай көлік прокуратурасының өкілдерімен бірге 4 кездесу өткізілді.

Қостанай ст. ІІЖБ ӘПБ, ЖПБ қызметкерлерімен теміржол және авиакәсіпорындарының персоналымен темір жол көлігі объектілерінде иесі жоқ заттарды қалдыруын анықтау барысында полиция қызметкерлерін ақпараттандыру және қырағы болуына ұдайы түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.

Бөтеннің мүлкін ұрлауды ескерту мақсатында жолаушылар поездарында, Қостанай, Тобыл, Жаркөл, Железородная, Аманқарағай, Сарыкөл Қостанай қаласы әуежайындағы күту залында жүктерін байқаусыз қалдырмау, өз заттарына ұқыпты қарау туралы дыбыстық хабарлау жазбалары жанаңартылды.

Акция өткізу кезеңінде Қостанай ст. ІІЖБ ӘПБ қызметкерлерімен әкімшілік жауапкершілікке 50 азамат тартылды, олардан жалпы сомасы 205200 теңгеге айыппұл салынды.

Б. АЙСЕНОВ,
Қостанай ст. ІІЖБ ӘПБ
бастығы полиция майоры

Сыбайлас жемқорлық жөніндегі сабақтар

Сыбайлас жемқорлықтың қоғамды жайлап бара жатқандығы кім-кімді де алаңдататыны белгілі. Сондықтан жұртшылық арасында түсіндіру, алдыналу жұмыстарының жүргізілетіндігі маңызды.

Жақында Қостанай станциясындағы ІІЖБ әлеуметтік-құқықтық сабақтары шеңберінде Қостанай ст. ІІЖБ мәжіліс залында Қостанай ст. ІІЖ бастығының орынбасары полиция подполковнигі Ж.У. Мамбетов «Нұр Отан» Қостанай облыстық филиалының сыбайлас жемқорлыққа қарсы жөніндегі қоғам мүшесі А. Дудинмен бірге «Сыбайлас жемқорлық: саяси, экономикалық, ұйымдастырушылық және құқықтық проблемалар» тақырыбына дәріс оқыды, бұл сабақта сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың негізгі сәттері атап көрсетілді.

Сабаққа қатысушылардың назары елдің берекетін алатын осынау қоғамдық дертті түп-тамырымен жою қажеттігіне аударылды.

Қостанай ст. ІІЖБ КЖТ

Бетті жүргізуші Мейраш ЖҮНІСБЕКОВ, e-mail: meyrash@mail.ru